

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының қазіргі Төрағасы - Бельгияның Сыртқы істер министрі К. Де Гюхтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 наурыздағы N 71-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (бұдан әрі - ЕҚЫҰ) арасындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Бельгия Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты тереңдету және 2006 жылғы 26-28 наурызда Астана және Алматы қалаларында ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы - Бельгияның Сыртқы істер министрі К. Де Гюхтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес ЕҚЫҰ ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) ЕҚЫҰ ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы - Бельгияның Сыртқы істер министрі К. Де Гюхтың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

7. ЕҚЫҰ ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға болатын орындарында медициналық қызмет көрсету.

